



БЕКІТЕМІН

**«Облыстық көркемөнерпаздардың
халық шығармашылығы мен
кинобейнекор орталығы» КМҚК**

басшысы Д. Қалқаев

«16» «Қазыртар» 2023 ж.

**Халықаралық «Алтын микрофон-2023»
әншілер байқауына облыстық іріктеу кезеңінің
ЕРЕЖЕСІ**

ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ

2023 жыл, 14-17 ақпан

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- халықаралық байқауға үздік әншілерді іріктеу;
- өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және қолдау;
- шығармашылық байланыстар орнату, ұжымдар мен жетекшілер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- дыбыс тазалығы;
- қарқын мен ырғақты нақты орындау;
- репертуардың күрделілігі;
- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- әртістік қабілеті;
- сахна мәдениеті;
- динамикалық реңктерді және нақты дикцияны, артикуляцияны сақтау.

БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

- 2023 жылғы облыстық іріктеу кезеңінің қазылар алқасы кәсіби орындаушылар, белгілі музыканттар, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қостанай облысының мәдениет және өнер қайраткерлерінен құралады.

БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

- қазылар алқасы байқаудың жалпы отырысында орындаушылардың қорытынды нәтижелері бойынша әр жас тобының I, II және III жүлде лауреаттарын және дипломанттарын анықтайды.

Қаржыландырудың жалпы сомасы 1 200 000 теңгені құрайды.
(бір миллион екі жүз мың теңге).

- Қалған қатысушылар қатысқаны үшін диплом алады;
- Жетекшілер алғыс хаттармен марапатталады.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2023 жылдың облыстық іріктеу кезеңі Қостанай облысында жас таланттарды анықтау, олардың шығармашылық дамуына әрі қарай жан-жақты қолдау көрсету мақсатында өткізіледі. Облыстық іріктеу кезеңі Халықаралық ән байқауына Қостанай облысының делегациясын қалыптастырады;
- облыстық іріктеу кезеңіне Қостанай облысында тұратын 7 жастан 23 жасқа дейінгі (*қоса алғанда*) төрт жас санаты бойынша жүргізіледі (*қоса алғанда*): 7-10 жас; 11-13 жас; 14-17 жас; 18-23 жас қатысушылар қабылданады;
- іріктеуге орындаушылардың тілі бойынша шектеусіз эстрадалық жанрдағы қатысушының жасына сәйкес келетін, екі вокалдық шығарманы орындайды.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

- байқауда шығарманы «минус» фонограммасымен орындау және аудиожазбалар келесі сандық «тасығыштар» бойынша қабылданады: MD; CD; flash card. ***Кез келген форматтағы «караоке» фонограммаларын пайдалануға тыйым салынады;***
- шығарманы «жанды» аспаптық сүйемелдеуімен немесе өз сүйемелдеуінде орындау;
- вокалдық сүйемелдеуді орындау кезінде үш адамға дейін («бэк-вокал») және хореографиялық топты (*8 адамнан артық емес*) пайдалану;
- «плюс» фонограммасы бойынша (*негізгі вокалдық партияның оркестрлік фонограммасында жазылған вокалдық унисон*) туындыларды орындауға және «бэк-вокалдық» партиялары бар фонограммаларды пайдалануға тыйым салынады;
- осы Ереже тәртібін ескермеген қатысушы байқаудың бағдарламасынан шығару үшін негіз болып табылады.

ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Байқау бірнеше этаптан тұрады:

- қашықтықтан іріктеу кезеңі;
- орныдаған әніңізді бейнероликке түсіріп, өтініммен қоса жіберуіңіз керек, 1 кезеңге тек қана бейнеролик жіберіп қашықтықтан іріктеу кезеңінен өткендер ғана қатыса алады.
- бейнетүсірілім бір дубльмен және ешқандай мотажсыз көлденең түсірілуі керек;
- бейнероликті барлық талаптарға сай жіберуіңіз керек;
- сапасыз бейнероликтермен, фонограмма дыбысы нашар болса іріктеу кезеңіне қабылданбайды;
- байқау тыңдалымы 2 кезеңнен тұрады;
- барлық өтінімдерді байқаудың Ұйымдастыру комитеті құпия тәртіппен қарайды. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардан қосымша ақпарат сұрату құқығын өзіне қалдырады;
- **Байқауға қатысу өтінімдері 2023 жылғы 3 ақпанға дейін қабылданады.**
- Өтінімдер мен бейнеролик Altyn-mikrofon@ocsnt.kz электрондық поштасына жіберу керек;
- **2023 жылғы 2 ақпан сағат 17:00-ден кейін келіп түскен өтінімдер байқауға ұйымдастыру комитетімен қаралмайды.**
- Жоғарыда аталған қосымша материалдарсыз толық емес өтінімдер немесе өтінімдер қарауға қабылданбайды.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Қостанай қ., Лермонтов к-сі, 15, тел: 8(7142)56-01-29;
- афишалар, жарнамалар, байқау қорытындылары Instagram [@culture_qostanai](https://www.instagram.com/culture_qostanai) парақшасында жарияланады.